



БҰЙРЫҚ
№ 2019 м 09.30

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 240

г.р.б. Астана

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жанындағы
Тарифтік саясат жөніндегі кеңес туралы ережені және оның дербес
құрамын бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жанындағы Тарифтік саясат жөніндегі кеңес туралы ереже;
 - 2) Министрлік жанындағы Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамы бекітілсін.
2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Тарифтік саясат жөніндегі кеңес туралы үлгілік ережені және оның дербес құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 173 бұйрығының күші жойылсын.
3. Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу комитеті осы бұйрықты мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Р. Дәленов



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің
2019 жылғы « »
№ _____ бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Тарифтік саясат жөніндегі кеңес туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Тарифтік саясат жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Тарифтік саясат жөніндегі кеңес) «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 28-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін, сондай-ақ табиғи монополиялар саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

4. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің жұмыс органы Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі – Комитет) болып табылады.

5. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

6. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес табиғи монополиялар салаларында тариф белгілеудің проблемалық мәселелері жөнінде комиссиялар құра алады.

7. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің қызметі туралы ақпарат Министрліктің және Комитеттің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

2-тарау. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің құрамы

8. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің құрамы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатарынан қалыптастырылады, сондай-ақ Заңның 28-бабының

2-тармағына сәйкес қаралып отырған табиғи монополия саласына байланысты қоғамдық бірлестіктердің, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің, табиғи монополия субъектілерінің өкілдері, сарапшылар және өзге де мүдделі тұлғалар кіруі мүмкін.

9. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітіледі.

10. Кәсіпкерлік қызметке араласуды және жекелеген нарық субъектілерінің мүдделерін қорғауды болдырмау мақсатында Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің құрамына бір ұйымнан екіден артық өкіл қосылмайды.

3-тарау. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің міндеттері

11. Заңның 28-бабының 5-тармағына сәйкес Тарифтік саясат жөніндегі кеңес:

1) уәкілетті органға табиғи монополиялар салаларындағы нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2) уәкілетті органға консультативтік, әдістемелік және өзге де қолдау көрсетеді;

3) табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуына қатысуға қоғамдық, ғылыми және өзге де ұйымдарды тартуға жәрдемдеседі;

4) уәкілетті органға тарифті индекстеу деңгейін және тарифтің болжамды индексін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) уәкілетті органға табиғи монополия саласының тарифтік реттеу әдісін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) уәкілетті органға тарифтері тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі қолданыла отырып бекітілетін табиғи монополиялар субъектілерін тізбеге қосу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

7) инвестициялық бағдарламалардың жобаларына және қолданыстағы инвестициялық бағдарламаларға енгізілетін өзгерістерге ұсынымдарды талқылайды және әзірлейді;

8) бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді тыңдайды;

9) уәкілетті органның қоғамдық бірлестіктер үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру шарттарын келіседі.

4-тарау. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес отырыстарын өткізу тәртібі

12. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің жұмысы осы ережеде айқындалған тәртіппен ұйымдастырылатын және өткізілетін мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1) ашық дауыс беруді жүзеге асыру жолымен шешімдер қабылдай отырып, Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің отырыстарын өткізу;

2) сұрау салу жолымен шешімдер қабылдау (жабық дауыс беру).

13. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің отырысын өткізу нысаны туралы шешімді Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің төрағасы қабылдайды.

14. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің отырысын оның төрағасы, ал ол болмаған жағдайда – орынбасары өткізеді.

15. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес отырысының күн тәртібін оның төрағасы кеңес өткізілгенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей айқындайды.

16. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес хатшысының функциялары Комитет жұмыскерлерінің біріне жүктеледі.

17. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес отырысының өткізілетін күні, орны мен уақыты және нысаны туралы Тарифтік саясат жөніндегі кеңес мүшелерінің жазбаша хабарламасын отырыстың күн тәртібін көрсете отырып және шешім қабылдау үшін қажетті материалдар қоса бере отырып, хатшы отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын қолдарын қойғызып жеке өзі табыс етеді немесе Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің әрбір мүшесіне пошта арқылы немесе факсимильдік немесе электрондық байланыс арқылы жібереді.

18. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарамайды және олар бойынша шешімдер қабылдамайды.

19. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің отырыстары шұғыл тәртіппен өткізілетін ерекше жағдайларда Тарифтік саясат жөніндегі кеңес отырысының күн тәртібін оның төрағасы өзгертуі және (немесе) толықтыруы мүмкін. Мұндай жағдайда материалдар Тарифтік саясат жөніндегі кеңес мүшелерінің назарына тікелей отырыста таратылуы мүмкін.

20. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес төрағасының шешімі бойынша оның отырыстарына Тарифтік саясат жөніндегі кеңес қарайтын мәселелер бойынша қажетті мәліметтер мен ақпарат беру үшін мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдері, сарапшылар мен басқа да мамандар, сондай-ақ оларға қатысты материалдар Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің отырысына шығарылған нарық субъектілерінің өкілдері шақырылуы мүмкін.

21. Барлық шешімдерді Тарифтік саясат жөніндегі кеңес оның мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі дауыс беруге қатысқан жағдайда отырысқа қатысқан кеңес мүшелері санының жай көпшілік даусымен қабылдайды. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда оның төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Жабық дауыс беру дауыс беру парақтары бойынша жиынтық деректерді көрсете отырып, жазбаша сұрау салу арқылы жүргізіледі.

22. Жабық дауыс беру кезінде шешімдерді Тарифтік саясат жөніндегі кеңес мүшелері хаттама жобасын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдайды.

23. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес отырысында хаттама жүргізіледі. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес отырысының хаттамасын Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің хатшысы жүргізеді және ресімдейді.

24. Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің өткізілген отырысының хаттамасына Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің төрағасы, ал ол болмаған жағдайда – оны алмастыратын тұлға қол қояды.

25. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес отырысының хаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) Министрліктің толық атауы;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны немесе сырттай дауыс беру туралы белгі;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

26. Ашық отырыстар мен сұрау салу жолымен қабылданатын шешімдер хаттамалары хатшыда сақталады және жыл аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен архивке тапсырылады.

27. Тарифтік саясат жөніндегі кеңес хатшысы Тарифтік саясат жөніндегі кеңес отырысының хаттамасын отырыс өткізілгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей Министрліктің және Комитеттің ресми интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етеді.

28. Қол қойылған ашық отырыстардың және сұрау салу жолымен қабылданатын шешімдердің хаттамалары тігіледі және нөмірленеді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің
2019 жылғы « »
№ _____ бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
жанындағы Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамы**

- | | | |
|----------------------------------|---|---|
| Дәленов
Руслан Ерболатұлы | – | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, төраға |
| Тәкиев
Мәди Төкешұлы | – | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, төрағаның орынбасары |
| Тангиев
Ибрагим Алиханович | – | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Стратегиялық талдау және халықаралық интеграция басқармасының басшысы, хатшы |
| Мамытбеков
Еділ Құламқадырұлы | – | Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісу бойынша) |
| Сұлтанов
Ерік Хамзаұлы | – | Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісу бойынша) |
| Қазбекова
Меруерт Айтқажықызы | – | Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісу бойынша) |
| Казанцев
Павел Олегович | – | Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісу бойынша) |

- Қайназаров
Уәлихан Анарбайұлы
- Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің депутаты
(келісу бойынша)
- Өскенбаев
Қайырбек Айтбайұлы
- Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму бірінші вице-министрі (келісу
бойынша)
- Есімханов
Сұңғат Қуатұлы
- Қазақстан Республикасының
Энергетика вице-министрі (келісу
бойынша)
- Нысанбаев
Ерлан Нұралыұлы
- Қазақстан Республикасының Экология,
геология және табиғи ресурстар вице-
министрі (келісу бойынша)
- Тұяқов
Дарын Шылбынұлы
- Қазақстан Республикасының Цифрлық
даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі вице-министрі (келісу
бойынша)
- Дарбаев
Асан Көбентайұлы
- Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігінің Табиғи
монополияларды реттеу комитетінің
төрағасы
- Сәбитов
Дәурен Қуанбекұлы
- Қазақстан Республикасы Индустрия
және инфрақұрылымдық даму
министрлігінің Көлік комитеті
төрағасының орынбасары
- Мұратұлы Асқар
- Ақмола облысы әкімінің орынбасары
(келісу бойынша)
- Ивченко Елена
Дмитриевна
- Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрінің кеңесшісі

- Жапсарбай
Асхат Тұрсынұлы
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кеңесшісі
- Ертілесова Жаннат
Жұрғалиқызы
- «Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісу бойынша)
- Нұрмұхамбетов
Азамат Әдебиетұлы
- «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлер және қызмет көрсетушілер ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің вице президенті (келісу бойынша)
- Радостовец Николай
Владимирович
- «Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісу бойынша)
- Романова Алена
Владимировна
- «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының орынбасары (келісу бойынша)